

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі "Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 5 қараша N 1172

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығының 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны одан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын (бұдан әрі - кәсіпорын) бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) кәсіпорынның жарғысын бекітуді және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі